«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ»

«БЕКІТЕМІН»
Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор / Проректор по исследовательской деятельности и инновации
_____
Е.Сұлтан
_____ 2025
ж/г.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ / ГОДОВОЙ ОТЧЕТ ПО НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЕ

Құқықтану кафедрасы

за 2025 ж/г.

Факультет деканы, институт директоры / Декан факультета, директор института _____ *қолы / подпись* Кенжебаев Ғ.Қ. *аты-жөні / Ф.И.О.*

Кафедра меңгерушісі / Заведующий кафедрой _____ *қолы / подпись* Ж.Ю. Сайлибаева *аты-жөні / Ф.И.О.*

Ғылым департаментінің директоры / Директор департамента науки _____ *қолы / подпись* М.А. Абсатова *аты-жөні / Ф.И.О.*

Алматы,
2025 ж. / г.

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ»

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім		
Жобалау қызметі бойынша талдамалық сипаттағы жылдық есептің сипаттамасы		**4**
ПОҚ ғылымиметрикалық көрсеткіштері бойынша аналитикалық сипаттағы жылдық есебі		**11**
Халықаралық және республикалық ғылыми ынтымақтастықтардың болуы туралы талдамалық сипаттағы жылдық есебі		**12**
СҒЗЖ, МҒЗЖ, ДҒЗЖ бойынша аналитикалық сипаттағы жылдық есеп		**15**
Екінші бөлім		
Кесте 1.	Есепті жылдағы қызметкерлер құрамы (бөлімше атауы)	**19**
Кесте 2.	ҚР ҒжЖБМ және ҚР басқа да ұйымдары қаржыландыратын жобаларға қатысқан ПОҚ тізімі	**22**
Кесте 3.	Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландырылатын жобаларға қатысқан ПОҚ тізімі	**23**
Кесте 4.	Халықаралық ғылыми, білім беру жобаларына қатысқан ПОҚ тізімі	**23**
Кесте 5.	ПОҚ іске асырған стартап жобалардың тізімі	**24**
Кесте 6.	Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) немесе бизнес өкілдері қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми жобалардың тізімі	**24**
Кесте 7.	Патенттер мен авторлық куәліктерді алған ПОҚ тізімі	**24**
Кесте 8.	Scopus, WOS базаларында индекстелген журналдарда жарияланған мақалалар тізімі	**25**
Кесте 9.	ҚР ҒжЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі	**27**
Кесте 9/1.	Жақын шетел басылымдарында жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі	**29**
Кесте 9/2.	Алыс шетел басылымдарында жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі	**30**
Кесте 9/3.	ҚР басқа журналдарында жарияланған ғылыми мақалалар тізімі	**30**
Кесте 9/4.	Жақын шетелдегі ғылыми конференциялардың материалдарында / жинақтарында жарияланған тезистер / мақалалар тізімі	**32**
Кесте 9/5.	Алыс шетелдегі ғылыми конференциялардың материалдарында / жинақтарында жарияланған тезистер / мақалалар тізімі	**32**
Кесте 9/6.	ҚР ғылыми конференцияларының материалдарында/жинақтарында жарияланған тезистер / мақалалар тізімі	**33**
Кесте 10.	Жарияланған монографиялардың, рейтингтік басылымдардағы монографиядағы тараулар тізімі	**39**
Кесте 10/1.	ҚР мектептеріне арналған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың тізімі	**39**

Кесте 10/2.	Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар тізімі	**40**
Кесте 10/3.	Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарының тізімі	**40**
Кесте 10/4.	Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құралдардың тізімі	**40**
Кесте 11.	Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы ақпарат	**41**
Кесте 12.	ҒЗИ, мектептермен, лицейлермен, колледждермен және т. б. ынтымақтастық туралы ақпарат.	**41**
Кесте 13.	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен ПОҚ тізімі	**41**
Кесте 14.	Қазақстан бойынша ғылыми іссапарларды жүзеге асырған ПОҚ, магистранттар мен докоранттардың тізімі	**44**
Кесте 15.	ПОҚ, магистранттар мен докоранттардың шетелдік ғылыми іссапарлар тізімі	**44**
Кесте 16.	Диссертация қорғаған ПОҚ, магистранттар мен докоранттардың тізімі	**46**
Кесте 17.	Студенттер мен магистранттар – ғылыми конкурстардың жеңімпаздары	**47**
Кесте 18.	Студенттер іске асырған стартап жобалардың тізімі	**52**
Кесте 19.	Студенттердің жарияланымдарының тізімі	**52**
Кесте 20.	Магистранттардың жарияланымдарының тізімі	**55**
Кесте 21.	Докоранттардың жарияланымдарының тізімі	**59**
Кесте 22.	2024 жылы өткізілген ғылыми іс-шаралар, конференциялар туралы ақпарат	**59**
Кесте 23.	БАҚ, радио, теледидар және т. б. жарияланымдар мен сұхбаттар тізімі	**60**
Қосымша		
Патенттер мен авторлық куәліктердің ламинатталған көшірмелері		
Scopus, WOS базаларында индекстелетін журналдарда жарияланған мақалалар		
Scopus, WOS журналдарында жарияланған мақалаларға сілтеме жасау базасының сайтынан скриншот		
Есепті жылы жарияланған монографиялардың 1 данасы		
Монографиялардың, оқулықтардың, оқу құралдарының титулдық және соңғы парағының көшірмелері		
Студенттер мен магистранттар алған грамоталардың, дипломдардың және басқа да марапаттау құжаттарының көшірмелері		
Шетелдік ЖОО, ҒЗИ және ғылыми ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері		
Қорытынды		

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ҚҰРЫЛЫМЫ

1. ПОҚ жобалау қызметі:

– *Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ үлесі;*

Құқықтану кафедрасында бүгінде жоғары білікті, ғылыми әлеуеті мықты кадрлар шоғырланған. Кафедрада бес ғылым докторы, сегіз ғылым кандидаты және төрт PhD докторы қызмет атқарады. Профессор-оқытушылар құрамының жалпы ғылыми дәрежелі болуы 65%-ға жетеді. Бұл көрсеткіш кафедраның ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін, ғылыми мектептердің тұрақтылығын және зерттеулердің сапалық деңгейін айқындайтын маңызды индикаторлардың бірі болып табылады.

Кафедра қызметкерлерінің жарияланымдық белсенділігі тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталуда. Зерттеу нәтижелері ҚР ҒжЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда, сондай-ақ Scopus және Web of Science халықаралық ғылыми-метрикалық деректер базаларындағы жетекші журналдарда жүйелі түрде жарияланады. Бұл кафедраның ғылыми қоғамдастықтағы орнының нығайып, зерттеулерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін фактор.

Құқықтану кафедрасының ғылыми-зерттеу жұмысының қазіргі жай-күйі университеттің ғылым саласындағы стратегиялық бағытымен сабақтас. Осыған сәйкес профессорлық-оқытушылық құрам келесі іргелі және қолданбалы бағыттар бойынша зерттеулер жүргізеді: мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, азаматтық құқық, азаматтық процесс, нотариат, жедел-іздестіру қызметі, криминалистика, криминология, сот сараптамасы, адвокатура институтының қызметі және дамуы.

ҒЗЖ шеңберіндегі тақырыптардың өзектілігі құқықтық тәжірибеге, жалпы құқық теориясына және конституциялық, азаматтық және қылмыстық құқық түріндегі салалық құқыққа сұраныстардың жоғары деңгейіне байланысты. Олардың өзектілігі мемлекеттің әлемдік құқықтық кеңістікке кіру жөніндегі жалпы саясатын және ұлттық құқықтың әлемдік стандарттарға сәйкестігін ескере отырып артады.

Ғылыми-зерттеу қызметі 2025 жылы өткізілген ғылыми семинарларды өткізуді де қамтиды, ғалымдар мен практиктерді шақыра отырып, вебинарлар өткізілді. Сонымен қатар, кафедраның ПОҚ жариялауға дайындалып жатқан жұмыстары кафедра отырыстарында талқыланады. Зерттеу нәтижелері, ғылыми саладағы дәстүрлерді сақтау олар ғылыми атақтар алу үшін қолданылады.

Есеп беру кезеңінде прокуратура, сот, нотариат қызметкерлерінің, психологтардың, әкімдіктің қатысуымен түрлі тақырыптарда вебинарлар өткізілді. Атап айтқанда:

Тарих және құқық факультетінің Құқықтану кафедрасының ұйымдастыруымен келесі іс-шаралар өткізілді:

- Он үшінші ғылыми Халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу және қатысу (сәуір 2025 ж.);

- 2025 жылдың 11 сәуірінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің қабырғасында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және Алматы қаласының прокуратурасымен бірлесіп «Мәлік Ғабдуллиннің мұрасы және заңгерлердің жас ұрпағы миссиясы – құқықтық тәртіп және құқықтық тәртіп» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың IV сессиясында сөйлеген сөзінде жалпыұлттық бірлік, патриотизм және тарихи жадты сақтаудың маңыздылығына тоқталды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерліктері осы естеліктің ең маңызды бөлігі, бірліктің, ерлік пен Отанға адалдықтың дәлелі. Осы негізде дөңгелек үстелде Тарих және құқық факультетінің деканы Ғабит Капезұлы Кенжебаев, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Кадрлық жұмыс Департаментінің Басқарма бастығы Уәли Ернұр Зейнешұлы, Алматы қаласы прокурорының бірінші орынбасары Рақышев Нұрсұлтан Хамитұлы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің түлектері - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы облысы бойынша Департаментінің Азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры Заманбек Қасенұлы Мұратханов, «7М04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасының 1 оқу жылының магистранты Аружан Жумадильдинова, «6В04201 – Сот-прокурорлық қызметі» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Адиль Нургалиев және Дастан Князь сөз сөйледі. Кездесуде көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің рухани мұрасын сақтаудың негізгі аспектілері, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы құқықтық тәртіп пен құқықтық сананы нығайтудағы болашақ заңгерлердің рөлі талқыланды. Қорытындылай келе, қатысушылар ұрпақтар арасындағы құқықтық диалогты дамыту, патриотизмді нығайту және заңгер мамандығына саналы көзқарасты қалыптастыру үшін мұндай кездесулердің маңыздылығын атап өтті.

- Ғылым онкүндігі аясында 2025 жылдың 11 сәуірінде «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ Тарих және құқық факультеті «Құқықтану» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы практик заңгерлермен бірлесіп Заң клиникасында «Ашық есік күнін» өткізді.

Шара барысында азаматтық, әкімшілік және отбасылық мәселелер бойынша кеңестер беріліп, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы түсіндірмелер берілді. Бакалавриат және магистратура студенттері профессор-оқытушылар құрамы мен практикалық заңгерлердің жетекшілігімен практикалық тәжірибе жинақтады. Заң клиникасы халыққа оқыту мен көмек көрсетудің тиімді алаңы ретінде маңыздылығын

- Ғылым Декадасы – 2025. Заңгер Клубы және Заң Клиникасының мүшелері 4-курспен қоштасу, Эстафетаны қабылдап алу;

- 2025 жылдың 29 тамызында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық факультетінің құқықтану кафедрасы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толуына орай және ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Негізгі заңның авторларының бірі – Ғайрат Сапарғалиевтің ғылыми мұрасын құрметтеуге

арналған «Қазақстан Республикасы Конституциясы: 30 жыл даму және академик Г.С. Сапарғалиевтің құқықтық мұрасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді;

- 03.11.2025 ж. Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті студенттерімен Абай Университеті арасында Ынтымақтастық негізде өткен «Азаматтық істер бойынша бірінші сатыдағы сот актілері» атты дөңгелек үстел өтті;

- Құқықтану кафедрасының оқытушысы Э.П. Кенжибекова 10 қараша күні ҚР Қылмыстық процестік құқық пәнінен «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабаққа кафедра оқытушылары, студенттер және арнайы құқыққорғау органдарында қызмет атқаратын адвокат, тергеуші және прокурорлар қатысты. Ашық сабақтың ерекшілігі – студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен ұсштастыратын интерактивті форматта ұйымдастырылуында;

- 12.11.2025. Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті студенттерімен Абай Университеті және НАРХОЗ университеті арасында Ынтымақтастық негізде өткен «Бұйрық арқылы іс жүргізу және Оңайлатылған жазбаша іс жүргізу» атты дөңгелек үстел;

- 01.12.2025. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың СҒЗЖ және МҒЗЖ арналған кезекті **«**Жастар және ғылым: бүгіні мен болашағы» атты Республикалық 80-ші ғылыми-теориялық конференциясы;

2025 жылдың ақпаны-желтоқсаны аралығында «Мемлекеттік-құқықтық» зерттеулер орталығы мемлекет және құқық тарихы, ұлттық құқықтық мұра және конституциялық даму бағыттары бойынша ғылыми жұмыстарды іске асырды. Атап айтқанда, Зиманов энциклопедиясын баспадан әзірлеп шығарды.

Студенттердің ғылыми жұмысы

Кафедра жанында «Заңгер», «Криминалист» және «Әділет» студенттік ғылыми үйірмелері тұрақты негізде қызмет атқарады. Кафедраның қайта құрылуынан кейін аталған үйірмелер өзінің ғылыми-танымдық және білім беру қызметінің дербес бағыты ретінде сақталып, мазмұндық тұрғыдан жаңғыртылды. Студенттік ғылыми үйірмелердің негізгі мақсаты студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, кәсіби құқықтық ойлауын дамыту, теориялық білімді тәжірибелік міндеттерді шешуде қолдану қабілетін нығайту. Үйірме жұмысы шеңберінде студенттер құқық саласындағы өзекті мәселелерді талқылап, ғылыми жобалар әзірлейді, эмпирикалық зерттеулер жүргізеді және кафедраның ғылыми өміріне белсенді түрде тартылады. Ғылыми үйірмелердің құрамына кіретін студенттер дәстүрлі түрде университетішілік, өңірлік және республикалық деңгейдегі студенттік ғылыми конференцияларға, пәндік олимпиадаларға, дебаттық турнирлерге, ғылыми форумдар мен шығармашылық байқауларға белсенді қатысады. Олардың жетістіктері кафедраның жалпы ғылыми әлеуетін арттырып қана қоймай, болашақ заңгерлердің кәсіби қалыптасуына да елеулі үлес қосады.

Кафедра базасында Абай атындағы ҚазҰПУ қабырғасында «Заң клиникасы» өз қызметін белсенді дамытуда.

Заң клиникасының жұмысында келесі бағыттар бөлінеді:

1. Заң кеңесі түрінде жүзеге асырылатын тегін заң көмегі: жеке (заң көмегіне мұқтаж адам алдын ала жазылу бойынша белгілі бір уақытта заң клиникасына жеке өзі келеді); қашықтықтан (азаматтарға электрондық пошта немесе кәдімгі пошта арқылы кеңес беру); телефон арқылы (консультант студенттер азаматтардың қарапайым заңдық сұрақтарына жауап береді, бірақ егер мәселе жеткілікті күрделі болса, құжаттарды талдауды талап етеді, содан кейін кездесуге жазылуға ұсыныс беріледі). Осы қызмет шеңберінде ЖОО білім алушылары практикалық қызмет дағдыларын алады, олар өтініштер, шағымдар, хаттар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасауға көмектеседі.

2. Ғылыми қызмет - бұл заңдық клиникалық білім беру, заң клиникаларының қызметі және азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелеріне арналған халықаралық, республикалық және қалалық деңгейдегі ғылыми іс-шараларды (конференциялар, дөңгелек үстелдер және т.б.) ұйымдастыру және өткізу. Барлық кеңесші студенттер ғылыми қызметке қатысады, конференцияларда сөз сөйлейді. Баяндама тақырыптары әртүрлі құқықтық аспектілерді қамтиды: отбасы, еңбек, қылмыстық, азаматтық, ювеналды, әкімшілік, экологиялық және салық құқығы, криминология және криминалистика. Сарапшылар ретінде кафедраның және құқықтық білім саласындағы практиканың жетекші оқытушылары шақырылады.

3. Құқықтық сауаттылық - жастар арасында құқықтық білімді (құқықтық мәдениетті) тарату (арттыру), қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарды және оларды қолдану практикасын түсіндіру бойынша арнайы ұйымдастырылған қызмет. Құқықтық сауаттылықтың мақсаты-жастардың багажында құқықтық білімді жинақтау, олар үшін маңызды құқықтық ақпаратты бағдарлай білу және өз қызметі мен өмірінде нормативтік құқықтық құжаттарды қолдана білу. Құқықтық білім адамға жанжалды жағдайларды дұрыс талдауға және осы жанжал субъектілерінің әрекеттеріне құқықтық баға беруге мүмкіндік береді. Бұл бағыт көшпелі заң мектептерін, оқушыларға арналған үйірмені (9-11 сыныптар) қамтиды. Көшпелі құқықтық мектеп шеңберінде клиника басшысы, оқытушы-куратор және студент-консультанттар оқу орындарында құқықтық тақырыптар бойынша дөңгелек үстелдер, дәрістер өткізетін болады. Оқушылар құқықтық білім мен оларды практикада қолдану, өз қызметінде нормативтік құқықтық құжаттарды пайдалану, шағын топтарда жұмыс істеу дағдыларын; коммуникативтік даму, құқықтық ойлау және нақты құқықтық жағдайларды талдау дағдыларын (кейс-әдіс) меңгереді. Құқықтық мектеп білім алушыларда құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Есеп 2 (екі) бөліктен тұрады. Жылдық есептің бірінші бөлігінде мынадай ақпаратты қамтитын Талдамалық сипаттама нысанында ғылыми-зерттеу қызметі бойынша нәтижелер ұсынылды.

– ҚР ҒжЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалардың болуы мен іске асырылуын бағалау, олардың кафедраларының білім беру бағдарламаларына сәйкестік дәрежесі (ҒжЖБМ №116 бұйрығына сәйкес әрбір ОБ зерттеу жобасымен қамтамасыз етілуі);

Құқықтану кафедрасы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жетекші кафедраларының бірі болып табылады, онда *келесі білім беру бағдарламалары* іске асырылады:

Бакалавриат:

- "6B04201 - Құқықтану: сот-прокурорлық қызмет";
- "6B04202 - Құқықтану";
- "6B01401 - Құқық және кәсіпкерлік негіздері";

Магистратура:

- "7M04207 - Құқықтану" - бейіндік бағыт;
- "7M04201 - Құқықтану" - ғылыми-педагогикалық бағыт;
- "7M01401 - Құқық және экономика негіздері бойынша педагогтарды даярлау" ғылыми-педагогикалық бағыт.

2025 жылға даярлықтың барлық деңгейлері бойынша студенттер контингенті 365 білім алушыны құрайды. Атап айтқанда, 2025 жылы "6B01401-құқық және кәсіпкерлік негіздері" (педагогикалық бағыт) білім беру бағдарламасына айтарлықтай қабылдау өтті, онда барлық 74 студент ҚР ХӘҚМ гранты бойынша оқуға түсті, бұл мемлекет тарапынан жоғары сұраныс пен Бағдарламаның сапасын мойындауды көрсетеді.

ҚР ҒжЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалары кафедраның жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларымен сәйкес. Кафедра ПОҚ 6 ғылыми жобада зерттеу жұмыстарымен айналысуда, оның екеуі - университетке, ал қалған төртеуі басқа университеттерге тиесілі.

Құқықтану кафедрасында *гранттық қаржыландыру бойынша* келесі ғылыми жобалар іске асырылуда:

1. «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы іс-қимылдың құқықтық стратегиясының императивтері: теориялық модельдер және практикалық шешімдер» (ҚР ХӘҰ 2025-2027 жылдарға арналған МФ). Ғылыми жетекшісі - PhD докторы Рахимова Г.Н., орындаушысы – з.ғ.к. Сайлибаева Ж. Ю.

2. «Посткеңестік кезеңдегі исламның рухани-мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі ықпалы мен келешегі: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» (2023-2025 жылдарға арналған ҚР ХНҰ ПЦФ, ИРН BR21882428). Орындаушылар: з.ғ.к. Калкаева Н. Б., PhD докторы Тұрлыханқызы Қ.

Осы тақырыптар бойынша халықаралық конференцияларда, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК журналдарында, импакт факторы бар журналдарда және басқа да көптеген ғылыми мақалалар бар, авторлық куәліктер, сондай-ақ түрлі сертификаттар алынды.

– *Оқу бағдарламасына жобаларды енгізу дәрежесі:*

Университет басшылығының тапсырмасы бойынша Құқықтану кафедрасы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың барлық студенттеріне арналған "Заң және тәртіп" шағын бағдарламаларын әзірлеп, енгізді. Бұл курс білім алушыларға ой-өрісін едәуір кеңейтуге, құқықтық мәдениетті нығайтуға және заңдылық пен әділеттілік

қағидаттарына негізделген белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Адамдардың жекелеген санаттарын чиптеу арқылы құқық бұзушылықтың кейбір түрлерін жасауға қарсы іс-қимыл шаралары», «Қазақстандағы лудоманияны интегративті зерттеу және оны азайтудың көпсалалы стратегиялары», «Қазақстан Республикасында интеграциялық процестерді дамыту жағдайындағы азаматтық және азаматтығы жоқтықты қысқарту», «Қалыптыдан кейінгі кезеңдегі исламның рухани-мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен перспективалары: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» ғылыми жобалары 1,2 курс магистратурасының ғылыми-білім беру процесіне енгізілген, яғни 7М04201 – Құқықтану (НПН); 7М04207 - Құқықтану (бейіндік), "7М01401-Құқық және экономика негіздері бойынша педагогтарды даярлау" (ғылыми-педагогикалық бағыт) мамандықтарында 5 ECTS көлемінде;

– *Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландыратын асырылатын ішкі жобалардың саны - 1;*

Белхожаева Д.Ж., Тұрлыханқызы Қ., Жомартқызы А., Кесекбаева А. «Жаппай ашық онлайн-курстардың (ЖАОК) университеттің білім беру процесіне интеграциясын зерттеу».

– *Университет ПОҚ-ның ҒЗИ және ҚР басқа да ғылыми ұйымдарының жобаларына қатысуы - 4***;**

1. «Адамдардың жекелеген санаттарын чиптеу арқылы құқық бұзушылықтың кейбір түрлерін жасауға қарсы іс-қимыл шаралары». ЖРН AP19676297 2024-2026 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ жобасы. Орындаушы - Казиева А.Н. - э.ғ.к., қауым.проф. (доцент) м.а.

2. «Қазақстандағы лудоманияны интегративті зерттеу және оны азайтудың көпсалалы стратегиялары». BR24992927-ОТ24. 2024-2026 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ жобасы. Орындаушылар: Толеубекова Б.Х. – з.ғ.д., профессор; Османова Г.Ж. – PhD, қауым.проф. м.а. (доцент)

3. «Қазақстан Республикасында интеграциялық процестерді дамыту жағдайындағы азаматтық және азаматтығы жоқтықты қысқарту». AP14870745-ot – 24. 2024-2026 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ жобасы. Орындаушы: Тайторина Б.А. з.ғ.д., профессор.

4. «Қазақстанның мемлекеттік қызметінің ұйымдастырушылық мәдениетін трансформациялау архитектоникасы». программа ИРН: BR27195163 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы. 2025 -2026 жж. Жетекші: Тайторина Б.А. з.ғ.д., профессор.

– *Үкіметаралық келісімдер негізінде халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны:*

Кафедра *халықаралық ынтымақтастық пен біліктілікті арттыру бағдарламаларын* белсенді дамытуда. Қазіргі уақытта екі қызметкер "Болашақ" беделді бағдарламасы бойынша тағылымдамадан сәтті өтуде:

- Тұрлыханқызы Құралай (PhD докторы) Constructor University-де (Германия, Бремен қ.) тағылымдамадан өтуде.

- Рахимова Гакку Нұрланқызы (PhD докторы) Мичиган мемлекеттік университетінде (MSU, АҚШ) білім беруде менеджмент бойынша тағылымдамадан өтуде.

– *Цифрлы платформаны қолдану арқылы жүргізілген зерттеулер*:

«Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы іс-қимылдың құқықтық стратегиясының императивтері: теориялық модельдер және практикалық шешімдер», «Посткеңестік кезеңдегі исламның рухани-мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі ықпалы мен келешегі: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі», «Адамдардың жекелеген санаттарын чиптеу арқылы құқық бұзушылықтың кейбір түрлерін жасауға қарсы іс-қимыл шаралары», «Қазақстандағы лудоманияны интегративті зерттеу және оны азайтудың көпсалалы стратегиялары», «Қазақстан Республикасында интеграциялық процестерді дамыту жағдайындағы азаматтық және азаматтығы жоқтықты қысқарту», «Жаппай ашық онлайн-курстардың (ЖАОК) университеттің білім беру процесіне интеграциясын зерттеу».

– *Ғылыми-зерттеу жұмыстарында заманауи зерттеу әдістерін қолдану;*

Жоғарыда аталған ғылыми жобалардың екеуіне кафедра ПОҚ-ы жетекшілік етсе, төрт ғылыми жобада орындаушы функциясын атқарады. Барлық ғылыми жобаларға бірегейлік тән, өйткені бұл проблемалар күні бүгін өзекті, концептуалды деңгейде зерделеуді қажет ететін мәселелер болып саналады. Барлық тақырыптар қылмыстылықтың алдын алудағы тиімді жолдарды анықтау, азаматтар арасында құмар ойынның құрбаны болумен күресу, азаматтық алу мәселесін шешу, ҚР-да білім беру жүйесін құқықтық реттеу, бала құқықтарын қорғау сияқты өзекті мәселелерді қозғайды.

Осы жобалардың нәтижелері заңнамалық деңгейде, оның ішінде Парламент пен Министрлер Кабинетінде қарау үшін ұсынылатын болады.

Кафедраның ПОҚ жұмыс істейтін ғылыми жобалардың инновациялылығы және олардың жаңалығы ұлттық құқық шеңберінде конституциялық, қылмыстық, әкімшілік және азаматтық заңнамаларды түбегейлі жаңғыртуға бағытталған жалпымемлекеттік курспен айқындалады.

– *Жаңа технологиялар, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу;*

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде оқытуды жүргізеді. Құқықтану мамандығының түлектері туралы жұмыс берушілердің пікірлері жиналды, халықаралық сарапшылар шақырылды.

– *Ғылыми жобаларға жас зерттеушілерді тарту дәрежесі - 20%;*

– *Кафедрадағы постдокторанттар мен зерттеуші профессорлардың үлесі* 1 ПОҚ құрайды*;*

– *ПОҚ ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер мен авторлық куәліктердің болуы – 9 ПОҚ;*

– *Кафедрада оқу зертханаларының болуы:*

Практикаға бағытталған оқытуды қамтамасыз ету үшін кафедрада халыққа тегін құқықтық көмек көрсететін Заң клиникасы, сондай-ақ студенттерге теориялық білімді практикада бекітуге мүмкіндік беретін сот-медициналық зертхана / сот отырысының оқу залы сынды мамандандырылған кабинеттер жұмыс істейді.

– *Есепті жылы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін заманауи жабдықтармен жарақтандыру;* - 4 (607, 609, 707, 709 каб.) дәріс залы интерактивті тақталармен жабдықталған.

2. ПОҚ-ның ғылымиметриялық көрсеткіштері:

– *Scopus және/немесе WoS базаларында индекстелген журналдардағы жарияланымдар саны* - 5;

– *Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингтік басылымдарындағы ПОҚ мақалалары мен шолуларының саны*;

– *Бір ПОҚ үшін дәйексөз көрсеткіштері* Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы келесі көрсеткіштерге ие: Тайторина Б.А., Бижанова А.Р., Құсайынов С.Ж. – 3; Көшпенбетов Б.М., Калкаева Н.Б., Белхожаева Д.Ж., Сайлибаева Ж.Ю., Османова Г.Ж., Тұрлыханқызы Қ., Исабаева Ж.Н. Хирш индексі -2;

– *Бір басылымға дәйексөз көрсеткіштері*; Бір басылымға баға белгілеу көрсеткіштері – кафедраның 4 басылымының бір басылымына үш рет сілтеме жасалды. Бірақ бұл мақалалар енді ғана жарық көргендіктен, жоғары SciVal көрсеткіштеріне сүйене отырып, оларға белсенді сілтеме жасалады деп ойлаймыз;

– *Scopus және Web of Science (SciVal және Clarivate аналитикалық деректері) ТДМ (тұрақты даму мақсаттары) саласында жарияланымдардың болуы;*

Кафедраның 4 басылымының ішінде тұрақты даму мақсаттары саласындағы екі жарияланымы күрделі жаһандық сын-қатерлерді шешу үшін тұрақты даму мақсатына негізделген белсенді өзгерістер жоспарын көздейді;

– *Шетелдік серіктестермен бірлесіп жазған жарияланымдар саны (SciVal аналитикалық деректері)* - жоқ;

– *ҒжЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдардағы жарияланымдар саны* ҚР ҒжЖБ түрлі журналдарында 19 мақала жарияланған;

– Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer, Cambridge University Press, Columbia University Press, Cornell University Press, Harvard University Press, MIT Press, Oxford University Press, Princeton University Press, Stanford University Press, University of California Press, University of Chicago Press, University of Michigan Press, Yale University Press баспаларда немесе халықаралық рейтингтің топ-100 құрамына кіретін жоғары оқу орындарының баспаларында Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education

World University Rankings или US News Best Global Universities Rankings *жарияланған ғылыми монографияларда авторлығының болуы* - жоқ;

ҚР мектептеріне арналған монографиялардың, оқулықтардың, мұғалімдерге арналған құралдардың, ҚР жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құралдардың болуы - 11 еңбекті (5 монография, 4- ЖОО оқу құралы, 2-оқу-әдістемелік құрал) құрайды;

3. Халықаралық және республикалық ғылыми ынтымақтастық желісі:

2025 жылғы 8-11 сәуір аралығында з.ғ.д. Төлеубекова Б.Х., PhD докторы Османова Г.Ж. Ресей Федерациясы Мәскеу қ. өткен «XIV Еуразиялық сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру: Заманауи құқықтық тәртіптегі жүйелердің өзара іс-қимылы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында Толеубекова Б.Х. «Ойын бизнесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері (Қазақстан Республикасының тәжірибесімен)» және Османова Г.Ж. «Ойын бизнесі саласында Қазақстан Республикасының қаржылық-экономикалық саясаты» тақырыптарында баяндама жасады.

З.ғ.д. Б.А.Тайторина Стамбул қ. Yeditepe университетімен бірнеше іс-шараларға қатысты. Атап айтсақ:

1) Түркі мемлекеттерінің I Халықаралық заң конгресіне қатысу түркі мемлекеттерінің I Халықаралық заң конгресі Ғылыми кеңесінің құрамында жұмыс жүзеге асырылды:

- IV сессияда "Түркі мемлекеттеріндегі мемлекеттік қызмет және адам құқықтары: қазіргі Конституция талаптарына сәйкестік" тақырыбында баяндама ұсынылған: құқық үстемдігінің талаптары-1; Қатысушы сертификаты алынды;
- IV сессияны модерациялау жүзеге асырылды: құқықтың басым бағыттары-I;
- Түркия, Әзірбайжан, Венгрия, Косово, Кипр, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан ғалымдарымен кәсіби байланыстар орнатылды;
- Йедитепе университетіне сапар аясында қоғамдық құқық және басқару кафедраларының оқытушыларымен және зерттеушілерімен кездесулер мен консультациялар өткізілді. Стамбул қ., Түркия. 12.05.2025 – 17.05.2025 жж.

2) Сингапур ұлттық университетінің Ли Куан Ю мемлекеттік саясат мектебімен (Lee Kuan Yew School of Public Pilicy of National University of Singapure) әріптестік атқарыла отырып, Сингапурдағы мемлекеттік саясат және мемлекеттік басқару жөніндегі халықаралық конференцияға (ICPPA-25) қатысу (2025 жылғы 19-20 қараша) қатысты.

3) Пенанг қ. (Малайзия) Advance Tertiary College Penang (ATC) Джорджтаунтің білім бағдарламаларымен танысты.

2025 жылдың 13-22 мамыр аралығында Рахимова Г.Н. мен Касымбек А.О. Түркияның Гази университетінде ұйымдастырылған «Жасанды интеллекттің жоғары білім мен ғылымды басқарудағы рөлі» атты халықаралық біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысып, ғылыми-академиялық тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама барысында қатысушылар жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллектті енгізудің әдіснамалық негіздері, университеттік менеджменттің цифрлық трансформациясы, ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен бағалауда AI құралдарын қолданудың тиімді модельдерімен танысты. Сонымен қатар білім сапасын арттыру, академиялық процестерді автоматтандыру, деректерге негізделген басқару жүйелерін қалыптастыру мәселелері бойынша әлемдік жетекші тәжірибелер зерделенді. Гази университетінің профессор-оқытушылар құрамымен өткен кездесу мен семинарлар шеңберінде жасанды интеллекттің институционалдық даму стратегияларына ықпалы, зерттеу экожүйесінің цифрлық даму болашағы және академиялық саясаттағы инновациялық тәсілдер талқыланды.Халықаралық тағылымдама Рахимова Г.Н. мен Касымбек А.О-ның кәсіби құзыреттерін кеңейтіп қана қоймай, жоғары білім мен ғылымды басқарудағы заманауи технологиялық парадигмаларды ғылыми тұрғыдан игеруге, сондай-ақ халықаралық академиялық серіктестік әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді.

2025 жылдың 14–20 қараша аралығында Рахимова Г. мен Сайлибаева Ж. АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен International Conference on Law and Political Science (ICLPS-2025) халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысты. Шара аясында ғалымдар «International legal standards as a basis for regulating national anti-bullying policies among minors» атты ғылыми баяндама жасап, кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы ұлттық саясатты қалыптастыруда халықаралық құқықтық стандарттардың рөлі мен маңызын талдады. Баяндамада БҰҰ, ЮНИСЕФ және басқа да халықаралық ұйымдардың балалардың құқықтарын қорғауға арналған нормалары салыстырмалы тұрғыда қарастырылып, оларды ұлттық заңнамаларға енгізудің құқықтық механизмдері айқындалды. Сондай-ақ мінез-құлықтық зорлықтың алдын алу, қауіпсіз білім беру ортасын құру, институционалдық жауапкершілік пен мониторинг жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар ұсынылды. Конференцияға қатысу зерттеушілерге халықаралық сарапшылармен пікір алмасуға, құқықтық саясат пен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы озық тәжірибелерді зерттеуге және өз ғылыми ізденістерінің аясын кеңейтуге мүмкіндік берді.

2023-2025 жылдарға арналған «Посткеңестік кезеңдегі исламның рухани-мәдени, саяси және әлеуметтік құбылыс ретіндегі ықпалы мен келешегі: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» (ИРН BR21882428) ғылыми жобасы аясында з.ғ.к. Калкаева Н.Б. және PhD докторы Тұрлыханқызы Қ. 30 маусым мен 11 шілде аралығында Әзірбайжан Республикасына зерттеу іс-сапарын жүзеге асырды. Іс-сапар барысында Баку қаласындағы Әзірбайжан Теология институтында, сондай-ақ «Идрак» қоғамдық бірлестігінде бірқатар ғылыми кездесулер өткізіліп, посткеңестік кеңістіктегі діни ахуал, исламдық білім беру жүйесінің дамуы, конфессияаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасу ұйымдастырылды. Атқарылған жұмыс жобаның ғылыми-теориялық базасын кеңейтуге, Орталық Азия мен Таяу Шығыс елдеріндегі діни

процестерді салыстырмалы тұрғыдан талдауға және посткеңестік қоғамдардағы исламның болашақтағы даму бағыттарын айқындауға маңызды үлес қосты.

2025 жылдың 1-8 желтоқсан аралығында BR21882428 «Постқалыпты уақыттағы рухани-мәдени, саяси және әлеуметтік құбылыстар ретіндегі исламның ықпалы мен келешектері: Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» атты ғылыми жоба шеңберінде з.ғ.к., қауымдастырылған профессор Калкаева Н.Б. International Institute for Cultural Diplomacy (IICD) (Dubai-U.A.E.)ұйымына ғылыми іс-сапар жасады. Іс-сапардың негізгі мақсаты Таяу Шығыс пен Орталық Азия мемлекеттеріндегі исламның зайырлы мемлекеттік модельмен үйлесімділігі, аймақтық қоғамдық-саяси үдерістерге ықпалы және постнормалды кезеңдегі діни құбылыстардың трансформациясына қатысты ғылыми деректерді жүйелі түрде жинақтау болды. Осы бағытта профессор Калкаева Н.Б. IICD сарапшыларымен және мәдени дипломатия, дін социологиясы, аймақтық зерттеулер салаларындағы жетекші зерттеушілермен кездесулер өткізіп, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған келіссөздер жүргізді. Аталған іс-сапар жобаның ғылыми нәтижелілігін арттыруға, халықаралық институционалдық байланыстарды нығайтуға және Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы діни-қоғамдық үрдістерді кешенді талдауға елеулі үлес қосты.

– *Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ* - **22;**

2025 жылғы 24–28 наурыз аралығында Стамбул қ. Education & Psychology Trainer Орталығының ұйымдастыруымен өткен «Білім берудегі бұзақылық пен кибербуллингтің алдын алу шаралары» атты Халықаралық онлайн және офлайн тәжірибе алмасу курсына Д.Ж. Белхожаева, А.Р. Бижанова, Э.П. Кенжибекова қатысты.

2025 жылдың 8-12 желтоқсан аралықтарында Белхожаева Д.Ж., Жомартқызы А. Түркия Республикасы Стамбул қ., Стамбул университетінің ұйымдастыруымен өткен «Білім берудегі жасанды интелект және заманауи оқыту әдіс-тәсілдері» халықаралық курс-семинар, 72 сағататты онлайн тағылымдамасынан өтті.

З.ғ.к. А.Н. Казиева "Нобель лауреаттарымен бірге: құндылықтар, тәжірибе, білім, құзыреттілік және табысты тұлғаны қалыптастыру және қоршаған әлемді трансформациялау технологиялары" атты тақырыпта Оқу орындары мен ғылыми мекеме басшыларының, сондай-ақ педагогикалық және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламасымен тағылымдамадан өтті. (International Historical Biographical Institute Сертификаты, Dubai - New York - Rome - Burgas - Jerusalem - Beijing, 10.01-10.03.2025. 180 сағат/Еуропалық кредиттік трансферттік – жинақтау жүйесінің (ECTS) 6 кредиті, оның ішінде 15 сағат инклюзивті білім беру / 0,5 ECTS кредиті).

«Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары - **2;**

Кафедра халықаралық ынтымақтастық пен біліктілікті арттыру бағдарламаларын белсенді дамытуда. Қазіргі уақытта екі қызметкер "Болашақ" беделді бағдарламасы бойынша тағылымдамадан сәтті өтуде:

- Тұрлыханқызы Құралай (PhD докторы) Constructor University-де (Германия, Бремен қ.).

- Рахимова Гакку Нұрланқызы (PhD докторы) Мичиган мемлекеттік университетінде (MSU, АҚШ) білім беруде менеджмент бойынша тағылымдамадан өтуде.

– *ПОҚ мен университет қызметкерлерінің сыртқы ғылыми ұйымдардың ғылыми іс-шараларына қатысуы:*

– Тұран Университеті «Құқық» ғылыми-зерттеу орталығы;

– Кафедраның ПОҚ Сайлибаева Ж.Ю., Османова Г.Ж., Молдахметова Ж.Е., Байсымакова Д:С. ЮНЕСКО қолдауымен «Білімдегі гендерлік теңдік: Қазақстандағы маңызды тәжірибе» атты ғылыми іс-шарасына қатысты.

– *Ғалымдар, бизнес өкілдері, жұмыс берушілер мен стейкхолдерлердің қатысуымен диалог алаңдарын ұйымдастырылуы:*

29 сәуір 2025 жылы «Қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру мен өзектендірудің негізгі міндеттері» тақырыбындағы кезекті мәжілісі өтті.

Дөңгелек үстел барысында сөз сөйлегендер: 178 гимназияның тарих пәнінің мұғалімі, оқу ісі орынбасары - Даулетбаева Г.А.: «Қазіргі мектеп жағдайында жоғары сыныптарда құқықты оқытудың мәселелері» атты тақырыпта; Шадиев К.Х. – 178 мектеп-гимназиясының директоры Алматы қ. «Құқық және экономика негіздері бойынша білім беру бағдарламаларын өзектендіру модельдері» атты тақырыпта; Шамова А.М. - 201 мектеп-гимназиясының директоры Алматы қ. «Құқық және экономика негіздері пәні бойынша педагог кадрлар тапшылығы мәселесін шешудің баламалы технологиялары» атты тақырыпта талқылады.

4. Студенттің, магистранттың, докоранттың ғылыми-зерттеу қызметі:

– Халықаралық, республикалық ғылыми конкурстарда, олимпиадаларда докоранттардың, магистранттар мен студенттердің марапаттары, грамоталары мен дипломдары - ;

– Халықаралық, республикалық ғылыми конкурстарда, олимпиадаларда және т.б. докоранттардың, магистранттар мен студенттердің марапаттары, грамоталары мен дипломдары – түрлі іс-шараларда 27 марапаттар;

2025 жылы Санкт-Петербург Гуманитарлық кәсіподақтар университетінің Алматы филиалында өткен әр түрлі жоғары оқу орындарының студенттері арасында үздік бизнес-жоспар конкурсынаа з.ғ.к. А.Н. Казиеваның жетекшілігімен "6В01702-Орыс тілі және әдебиет" мамандығының 3 курс студенттері Я.Зарымханова, А. Зубкова қатысып, 2-дәрежелі дирлом иеленді.

2025 ж.3 сәуірінде Нархоз университеті Құқық және мемлекеттік басқару мектебімен ұйымдастырылған «Ғылым мен жастар» атты жыл сайынға халықаралық студенттер конференциясында: «6В04201-Құқықтану: сот-прокурорлық қызмет» білім беру бағдарламасының 1 курс студенттері Үсен Ақбота - Диплом «Жасампаздық» номинациясын; Мұратов Диас –

сертификатын; Жиембай Нұрсауле - «Үздік презентация» номинациясы Дипломын; Сейтова Ұлымжан - 2 дәрежелі диплом, 2 орын иеленді.

3 сәуір 2025 жыл - КазҰУ ұйымдастырған “Фараби әлемі” атты халықаралық ғылыми конференциясында 3-орын иеленді.

21 сәуір 2025 жылы “Жаңа қазақстандық патриотизм “ жобасы аясында “Үздік студент” жеңімпазы болды.

24 сәуір 2025жылы -АлмаЮ ұйымдастырған “ студенческая наука - SPL 2025 “ халықаралық конференциясында 2-орын алды.

Оқу процесінде кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы студенттер мен магистранттарды ғылыми-зерттеу қызметіне жүйелі түрде тартады. Ғылыми ізденіс жүргізуге бағытталған мұндай жұмыс оқытудың теориялық және практикалық аспектілерін ұштастыруға, заңгер мамандардың зерттеушілік құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ынталандыру шараларының тиімділігі студенттердің ғылыми нәтижелерінен айқын көрінеді. Атап айтқанда, «6В04202 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын 14 студенттің ғылыми мақалалары түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрді. Бұл көрсеткіш кафедраның ғылыми жетекшілігінің сапасын, студенттердің зерттеуге деген қызығушылығы мен ғылыми әлеуетінің артып келе жатқанын дәлелдейді. Студенттердің жарияланымдары құқық саласындағы өзекті мәселелерді қамтып, ғылыми дискурстың дамуына үлес қосады. Осылайша, кафедра білім алушыларды тек кәсіби даярлаумен шектелмей, оларды ғылыми ортаға бейімдеп, зерттеушілік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мақсатты жұмыстарды табысты жүзеге асыруда.

– *Диссертация қорғаған магистранттар мен докоранттардың саны* - **4 магистрант***;*

2025 жылы кафедра оқытушысы Тұрлыхан Қ. докторлық диссертациясын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің Диссертациялық Кеңесінде қорғап, PhD докторы дәрежесін алды.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда магистрлік диссертациялардың тақырыптары толық жаңартылып, олардың мазмұны қазіргі құқықтық ғылымның өзекті мәселелеріне сәйкес қайта бағдарланды. Зерттеу тақырыптарын таңдау барысында магистранттар да, ғылыми жетекшілер де жоғары жауапкершілік танытып, ғылыми жаңашылдық пен практикалық маңыздылықты қамтамасыз етуге ұмтылды.

Сараптама комиссиясының бағалауы бойынша, биыл қорғауға шығарылған магистрлік диссертациялар жоғары ғылыми деңгеймен ерекшеленді. Қорғау барысында магистранттар терең теориялық дайындықтарын, құқықтық нормаларды талдау және интерпретациялау қабілеттерін, сондай-ақ кәсіби тәжірибеде кездесетін нақты мәселелерді ғылыми тәсілдермен шешу машықтарын көрсете алды.

Магистрлік диссертацияларды әзірлеу және қорғау нәтижелері кафедра магистранттары мен олардың ғылыми жетекшілерінің бірлескен еңбегінің табысты болғанын дәлелдейді. Жеткен жетістіктер академиялық мәдениеттің

дамуына, ғылыми зерттеулер сапасының артуына және магистранттардың кәсіби қалыптасуына оң ықпал етеді.

– *Студенттердің дипломдық жұмыстарын, магистрлік және докторлық диссертацияларды дайындау кезінде сыртқы ғылыми ұйымдардың әлеуетін пайдалану*;

6В04202-Құқықтану ББ бойынша бітіруші курсы студенттерінің дипломдық жұмыстарын дайындау кезінде сыртқы ғылыми ұйымдардың ғылыми әлеуеті негізінен әзірленген жобаларға рецензиялар дайындау және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысу үшін пайдаланылады. Кафедра бекіткен тақырыптар тізімінен дипломдық жобаларды әзірлеуге ғылыми жетекшілік етуді ПОҚ осындай жұмыс түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырды. Ғылыми зерттеулердің тақырыптарын таңдау мен әзірлеудегі басты критерий - олардың өзектілігі, жаңалығы және кем дегенде үш жыл ішінде қайталанбауы болды. Кафедра түлектері орындалған дипломдық жұмыстарға жетекші заң ғылымдарының ғалымдары мен заңгер-практиктерден, құқық қорғау жүйесінің қызметкерлерінен сыртқы шолу алды. Ғылыми - зерттеу жұмысы студенттердің ғылыми және ғылыми қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді болып табылады, өйткені бұл оқу процесінің маңызды формаларының бірі. Біздің кафедраның барлық студенттері зерттеу жұмыстарымен айналысады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ) университетте мамандар даярлаудың міндетті, органикалық ажырамас бөлігі болып табылады және оқу және ғылыми процестердің бірлігі негізінде шешілетін ҚазҰПУ-дың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

– *Сыртқы ғылыми ұйымдарда докоранттар, магистранттар және студенттер практикасын өткізу*;

Құқықтану кафедрасы практика базасын қалыптастыруға көп көңіл бөледі, басшылар студенттердің, магистранттардың практикасын ұйымдастыруға тиісті жауапкершілікпен қарайтын ұйымдарды мұқият таңдайды. Көбінесе студенттер, магистранттар болашақта практикадан өтетін жерге жұмысқа орналасады.

Құқықтану кафедрасы практика базасы ретінде төменде көрсетілген мемлекеттік мекемелермен кілісім-шартқа отырған:

1. Бас прокуратура, қалалық, облыстық, аудандық прокуратуралар, Жетісу көлік прокуратурасы;
2. Қалалық, аудандық, облыстық және мамандандырылған соттар;
3. Әділет министрлігі, Әділет департаменті, Әділет басқармасы;
4. Алматы қаласының Ішкі істер департаменті, Желілік полиция бөлімі, аудандық Ішкі Істер басқармасы, аудандық полиция бөлімі, қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
5. Нотариаттық кеңселер;
6. Алматы қаласы Адвокаттар алқасы;
7. Жеке сот орындаушы органдар;
8. Аудандық әкімдіктер;
9. ЖШС заң бөлімдері және акционерлік қоғамдар.

Студенттер, магистранттар міндетті түрде өтетін өндірістік тәжірибе кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға және практикалық жұмыс дағдыларын игеруге ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандықты таңдауға, көбінесе жұмысқа орналасуға көмектеседі.

Өндірістік практика оқу процесінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Ол студенттердің, магистранттардің оқу процесінде алған теориялық білімдерін бекітуді, болашақ мамандықтың дағдыларын игеруді және жетілдіруді қамтамасыз етеді.

